

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2023 жылғы 5 маусымдағы № 102  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2023 жылғы 6  
маусымда № 32705 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» » Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21493 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 233-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидалары:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидалары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 233-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленді және рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау тәртібін айқындайды.»;



17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Дәрілік затқа қағаз түріндегі рецептінің сақталу мерзімі, құрамында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар, улы заттар және күшті әсер ететін заттары бар, бір жыл сақталатын дәрілік затқа, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде босатылатын, сақталу мерзімі екі жылды құрайтын дәрілік затқа рецептіні қоспағанда, кемінде күнтізбелік отыз күнді құрайды.»;

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі**

**А. Ғиният**